



2006 жылы «Дәуір» баспасынан «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» атты биографиялық жинақтың 13-томы жарық көрген болатын. Осы кітапқа енген жерлестеріміздің өмірбаянын біз сол жылы жариялаған едік. 2007 жылы аталмыш жинақтың 14-томы басылып шықты. Оған да еңбегімен еліне елеулі болған бір топ жерлестеріміздің аты енген. Жас ұрпақты отансүйгіштікке баулитын аталмыш кітапқа енген асыл азаматтарымыз жайлы деректерді назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Бүгінгі нөмірден Халел қажы Хамметұлы жайлы оқисыздар.

Редакция

ХАЛЕЛ ҚАЖЫ ХАММЕТҰЛЫ

Халел Хамметұлы 1929 жылы сәуір айының 16 жұлдызында Павлодар облысы Баянауыл ауданының «Саржал» деп аталатын ауылында мұғалімнің отбасында дүниеге келген.

Әкесі Хаммет бар өмірін бала тәрбиесіне бағыштаған өз кезеңінің көрнекті педагогі. Ең алғаш медреседе оқып, білім алып, сауат ашқан. Содан кейін күлік ішінде Абдолла Хазіреттен дәріс алған адам. Арнайы тәмамдаған оқу орны Троицкий медресесі. Бұл кезде Троицкий медресесі бір ғана діни бағытта емес, сонымен бірге шәкірттерін білім-ғылым салаларымен сусындатқан бірден бір іргелі де ірі оқу орны болған. Әлемдік озық ойлы ғалымдардың еңбектерімен таныстырылып, әдебиет, тарих, философия, поэзия, проза тарапынан мағлұмат беретін, шәкірттерінің ойын ұштап, дарынын ашатын танымдық үйірмелер, кештер өткізіліп, клубтар жұмыс істейтін. Осындай ғылым-білім көусарынан сусындаған Хаммет елге келгеннен соң, жаңа заманның ыңғайына қарай ұстаздық жолға түсіп, 1919 жылдары Баянауыл ауданы Қызыл тау, Бестау болыстарында ауыл мектептерін ашып, өзі мұғалім және басқарушы болып істеген. Бұл кісі туралы «Одақ», «Киров» атындағы ұжымшарлардың адамдары жиі әңгіме қозғаушы еді.

Содан 1940 жылы «Төртқұдық» деген өндірісті елді-мекенге мектеп директоры болып, оның өркендеп өсуіне көп еңбек жасап, сол мектепте 1965 жылға дейін қызмет атқарады.

кен ағасы Кәрімұқан Бекбергенов әскерден оралды да, Павлодар қаласының «Қызыл-Ту» газетіне қызметке орналасып, бүкіл өмірін журналистикаға арнады.

1947 жылы Обкомның нұсқауымен Кәрімұқанды Алматының 2 жылдық жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберді. Халел де ағасымен еріп барып, әке жолын қуып, 1947 жылы Алматыдағы Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түсіп, тарих пәні бойынша 1951 жылы бітіріп шығады.

Сол кезде педагогикалық институттың директорлары Кеңестер Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин, кейінірек экономика ғылымының кандидаты Толыбеков Серғали, физика-математика ғылымының кандидаты Закарян Асқар басшылық жасады. Студенттердің көпшілігі соғыстан аман оралған жастар болатын. Біраз уақыт ғылым-білімнен қол үзсе де, студенттер үлкен ұқыптылық, ынта-жігерлерімен сапалы білім алып, барлығы да ойдағыдай бітіріп шықты.

Халел Хамметұлы 1951 жылы институтты табысты тәмамдап келген соң, өзінің әкесі негізін қалаған Төртқұдық мектебіне директор болып тағайындалады.

1957-1958 жылдары өндіріс орталығында жаңа салынып жатқан 2 қабатты орта мектеп құрылысына тікелей басшылық жасады. Оқу тәрбие жұмысының жақсаруына толық жағдай жасалды. Сөйтіп, 12 жылдан соң, 1963 жылы Халел Хамметұлы Екібастұз қаласындағы №2 жұмысшы жастар орта мектебіне директоры болып тағайындалады.

лық ұйымдар мен кәсіпорындар белсене араласады. Сөйтіп, бұл үлкен қозғалыс бүкіл қала бойынша кең өріс алды. Халел Хамметов осы қиын да құрметті жұмысты 1977 жылдың тамыз айына дейін атқарып, заңды еңбек демалысына шыққанға дейін, №3 орта мектебінде директор, қалалық оқу-ағарту мекемесінде қызмет атқарады. Өмірін ел үшін еңбек етуге арнаған азамат зейнеткерлікке шыққан соң да қол қусырып қарап отыра алмады.

1997 жылдың қыркүйек айынан 2002 жылдың шілде айына дейін Екібастұз қаласы әкімінің жанындағы ақсақалдар алқасының төрағасы бола жүріп, «Ай адамы», «Жыл адамы» деген атпен қоғамдық комиссия құрып, қаланың дамуына ерекше еңбек сіңіріп жүрген адамдарды марапаттап отырды.

Халел ұстаз «Тәрбиенің негізгі жолы имандылық. Бүкіл әлемде мұсылман діні имандылық, кішіпейілділік, парасаттылық, барлық адамзат баласы мен татулық қасиеттерін ұрпақтардың бойына сіңірудегі ерекшелігі имандылық жол - ақ жол», - дейді. Өзгеден бұрын өзі бас болып, Екібастұз қалалық мешітінің ашылуына, оның жұмысының ұйымдастырылуына мұрындық болады.

1999 жылы Сауд Арабиясындағы Мекке, Медина қалаларына барып, барлық қажылық әдет-ғұрыптарды орындаған соң Әкбар қажы атағын алады. Халел қажы өмір сүрген ортасының аяулы азаматы, елінің қалаулысы, ағайындарының қамқоршысы, ақылшысы болды. Еңбектегі іскерлігі, адамгершілігі халық алдында жоғары бағаланып, 3 рет поселкелік, 4 рет қалалық кеңестің депутаты, әр түрлі конференцияларға делегат болып сайланады. Қазақстан

«Қазақ Республикасы халық ағарту ісінің үздігі» атағын алған. Ұлы Отан соғысы кезіндегі істері жоғары бағаланып, мемлекеттік бірнеше медальмен марапатталған адам. «Хаммет Бекбергенұлына» арнап мемориалдық тақта орнатылды.

Халел Хамметұлы аймаққа абыройлы адамның баласы болғанмен, бұла боп өскен жоқ. Оның балалық шағы Ұлы Отан соғысы жылдарына дөп келгендіктен 14 жасында еңбек жолын бастады. Төртқұдық кен орнында кен тасушы, байыту фабрикасында шебер болып жұмыс атқарды.

1943-1945 жылдардағы осы еңбегінің арқасында ол жұмысшыларының тұрмыс-тіршілігін жақсы біліп алды. Адамдардың ішкі жан-дүниесін түсіне білуді үйренді. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң үзіліп қалған оқуын жалғастырды.

1945-1946 жылдары Баянауыл ауданының орта мектебінде 9-сыныпты бітіріп, 1946-1947 оқу жылында Павлодар қаласының №10 қазақ орта мектебін үздік бітіріп шықты. Соғыстан кейінгі кез әлі де халықтың әл-ауқатының жоғарыламаған кезі болатын.

1946 жылы, 7 жылдан кейін, үл-

тепте оқу ісінің менгерушісі қызметіне ауысады. Жұмысшы жастар мектебінің ол кезде өз ерекшелігі болатын. Онда кезінде әр түрлі себептермен мектепте орта білім ала алмағандар оқыды. Олардың арасында үйлі-балалы болып қалғандар да болатын. Әр түрлі жастағы, оның үстіне жұмыс істеп жүрген адамдарға толық орта білім беру оңай шаруа емес. Әсіресе әр түрлі ауысымда жұмыс істейтін адамдарға арнап оқу жоспарын жасау оңай емес. Міне, осы киын жұмысы Халел Хамметұлы абыроймен орындап, өзінің нағыз педагог, психолог әрі тамаша ұйымдастырушы екенін алты жыл бойы көрсете білді.

1969 жылы Халел Хамметұлы Екібастұз қалалық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланады. Атқару комитеті төрағасының орынбасары ретінде денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет пен спорт және басқа да көптеген қоғамдық жұмыс салаларына жетекшілік етеді. Ол кезде Екібастұз қаласы жас ұрпаққа коммунистік тәрбие беру ісі жөнінен бүкіл Кеңестер Одағына мәшһүр болған еді. Бала тәрбиесіне балабақшадан бастап, бар-

мұғалімдерінің қатарынан үш бірдей (IY, Y, YI) съездеріне делегат етіп сайлады. Кеңестер Одағы кезінің өзінде көптеген медальдармен, Грамоталармен марапатталып, тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 3 рет жолдаған алғыс хаты ерекше баға, Халел қажы үшін үлкен бақыт.

2004 жылы Екібастұз қалалық мәслихатының шешімімен Халел Хамметұлына Екібастұз қаласының дамуына қосқан елеулі үлесі, жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі зор ағартушылық жұмысы, қаланың қоғамдық өміріне белсене қатынасқаны үшін «Екібастұз қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Өмірден түйген тәжірибесі көп ел ағасы Халел-Әкпар қажының қоғамдағы орны ерекше. Өзінің имандылық уағызымен қоса көпшілік қоғам жұмысына әлі де белсене араласып келеді.

Сән салтанаты жарасқан қос ардагер Халел мен Сәния балалары мен немере, шөберелерінің ортасында үлгілі ұяның ұйытқысы.

«Қазақ жерінің зиялы азаматтары» кітабынан